

Мемлекет басшысы
IX Астана экономикалық
форумына қатысты. Форумның
пленарлық отырысында Қазақстан
Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясын-
да «Жаңа экономикалық жағдай:
әртараптандыру, инновация және
білім экономикасы» тақырыбымен
өткен биылғы форумының
қорытындысы шығарылды.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28

МАМЫР
СЕНБІ

2016 жыл
№78-79 (19164-19165)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМ

ТАРАПТАР МҮДДЕСІ АСТАНАДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Пленарлық отырысқа сарапшылық қоғамдастықтың танымал өкілдері, саясаткерлер, бизнесмендер, ірі қаржы құрылымдарының басшылары қатысып, сөз сойледі. Олардың қатарында Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Р.Азеведо, Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті С.Чакрабартти, интернет коммерциясы саласындағы Alibaba Group қытай компаниясының негізін қалаушы Д.Ма, Колумбия университеті Жер институтының директоры және британдық «The Economist» журналының тұжырымы бойынша ең ықпалды әлемдік үш экономистің бірі Д.Сакс, Массачусетс технология институтының экономика профессоры, Джон Бейте Кларк медалінің 2005 жылғы иегері Д.Аджмоглу бар. Отырыс барысында сондай-ақ Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры К.Лагардтың арнаулы бейне-үндеуі көрсетілді.

Қазақстан Президенті отырыста сөйлеген сөзінде «инклюзивті жаһандану» жолын таңдау қажеттігіне, онда экономикалық өсім әрбір елдің дамуы мен халқының әл-ауқатын арттыруға тиімді трансформацияланатынына назар аударды.

— Әлемдік экономиканың осындай өсімі ғана орнықты болады, біз соған ұмтылуға тиіспіз. Бұл жаһандық деңгейде бірлескен күш-жігер жұмылдыруды және ұлттық экономика деңгейіндегі іс-қимылдарды үйлестіруді қажет ететін ұзақ, күрделі әрі ауыр трансформация жолы, — деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар жаһандық бастамалар көтерді.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысы дамушы және кедей елдердегі адам капиталды дамытудың маңыздылығын атап өтті.

— Сауатты, білімді, денсаулығы мықты және іскер адамдарсыз ешбір мемлекет дами алмай-



ды. Біз білім беру мен денсаулық сақтаудың тиімді жүйесін құру қаншалықты қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз. Бұл тәзімді, білім мол инвестицияны қажет етеді. Қазақстан бұл бағытта жақсы ілгеріледі деп есептеймін. Алайда, бұған қол жеткізе алмаған көптеген елдер бар. Осы мәселені шешу үшін БҰҰ аясында Адам капиталды дамыту қорын құруды ұсынамын.

Оның басты міндеті кедей елдердегі білім беру мен денсаулық сақтау сапасын жақсарту болуы тиіс, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті экономикалық өсімді қайта жандандыру үшін барлық қажетті жағдайды жасау керектігін, ол үшін кірісті алыпсатарлық сипаттағы қаржы салаларына аудармай, білім беруге, денсаулық сақтауға және

инфрақұрылымдарға қайта инвестициялауды білдіретінін айтты.

— Бүгінде сарапшылардың бағалауы бойынша оффшорлық есепшоттарда 30-дан 40 триллион долларға дейін сақтаулы жатыр. Осы активтерге тіпті бір пайыздық жаһандық салық енгізу дамушы елдердегі білім беру мен денсаулық сақтау саласын жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік

берер еді. Осы салықтан түсетін қаражатты жоғарыда аталған Адам капиталды дамыту қорына бағыттауға болады. Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк жаһандық экономиканы оффшорсыздандыру жөнінде тиімді шаралар ұсынуға тиіс деп есептеймін, — деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі кезде экономикалық пайда табу үшін жанталасу барысында қоршаған ортаның кешенді мәселелері назардан тыс қалып жатқанын атап өтті.

— Климат өзгерістерінің алдын алу жөніндегі жаһандық бастама өте маңызды, бірақ өзге проблемаларды да ұмытпау керек. Париж келісімі негізінде «Жасыл» экономиканы дамыту мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың жол картасын әзірлеуді ұсынамын. Ол тек зиянды қалдықтарды ауаға таратуды азайтуды ғана емес, жерді, тұщы суды, биоортаны сақтау шараларын да қамтуға тиіс. Бұл ретте жауапкершілікті тек елдер ғана емес, жаһандық корпорациялар да өз мойнына алуы қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Сонында Мемлекет басшысы әлемде қазір халықаралық диалогтың сан алуан форматы бар екеніне, жаһандық және өңірлік экономикалық форумдар өткізіліп жүргеніне назар аударды.

— Өзірленіп жатқан шешімдерді нақты енгізу ісінің келісуі мен үйлестірілуін қамтамасыз ету маңызды. Бұл ретте барлық елдің пікірін ескеру керек. БҰҰ құрылымы аясында немесе оның қолдауымен сондай үйлестіру ісін қамтамасыз ететін арнаулы комитет құру қажеттігі пісіп-жетілді. Қазақстанда қолданылып отырған, 140 елдегі 30 мыңнан астам сарапшының басын қосатын «G-globa» виртуалды интерактивті алаңын белсенді түрде пайдалануды ұсынамын, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ИНВЕСТИР УШІН ИГІЛІКТІ ӨҢІР



Кеше Қызылорда қаласында VII «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумы өз жұмысын бастады. Оған республикамыздың барлық өңірінен 140-тан астам қаржы институттары өкілдері мен әлемнің 12 мемлекетінен инвесторлар қатысып жатыр.

2013 жылы аймақ басшысының бастамасымен қолға алынған жылғына екі рет ұйымдастырылатын «Байқоңыр» инвестициялық форумы өңірге инвестиция тартудың тиімді жолына айналған. Осыған дейін өткізілген 6 форумның нәтижесінде 70-ке жуық меморандум мен келісімдерге қол қойылып, феррокоритта, машина жасау, цемент зауыты секілді жобаларға инвестор тартуға мүмкіндік туы. Сондай-ақ, форум аясындағы үлкен жетістік — облыс орталығында шыны зауытын салу жобасына қол жеткізілді. Мұнан бөлек, 321 қызылордалық түлек Ресейдің алдығы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуына жол ашылды. Бұл — «Байқоңыр инвест» форумының жұмысы жемісті әрі тиімді екендігінің дәлелі.

Жетістікті жалғауды мұрат еткен жетінші форумның жұмысы «Қызылорда облысының инвестициялық жобалары» деп аталатын көрмемен бастау алды. Онда форум қатысушылары Сыр өңірінде жүзеге асырылып жатқан 26 жобамемен танысып, аймақтың инвестициялық тиімділігін таразылады.

Мұнан әрі VII «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумының пленарлық мәжілісі өтті. Жиында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы туралы баяндап, инвестициялық әлеуетін саралап берді. Мәселен, қазір Еуропалық қайта құру және даму банкімен 8 жоба бойынша жұмыс жасалып жатса, тағы үш жоба бойынша келісім-шарт жасасу жоспарлануда. Жалпы облыста 333 миллиард теңгені құрайтын 31 жоба жүзеге асуда.

— Экономиканы әртараптандыруда жақсы жетістікке жетіп жатырмыз. Үш жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 3,5 есеге өсті. Бұның барлығы жаңа жұмыс орындарын ашуға, жоғары технологиялық өндірістерді орналастыруға және экспорттық әлеуетті өсіруге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл инвестициялық форум өз нәтижелігін дәлелдеді, — деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, «Самұрық Қазына» қорымен бірлесе отырып, қорғасын-мырыштың ірі кен орны «Шалқия» кеніші игерілетін болады. Қазірдің өзінде кен байыту комбинаты мен қуаты 90 мВт болатын газ-турбиналық электрстанса құрылысы басталды. Оның 75 мВт өзіндік қажеттілікке, 15 мВт Жанакорған ауданының тұрғындарына жұмсалды, болашақта қуат тау-металлургия зауытының мұқтажына пайдаланылмақ. Бұл металды айыру үлесін есдеуі арттыратын болады. Техникалық-экономикалық негіздемесі жасалуда. Алғашқы кезеңнің өзінде 2017 жылдан бастап кен байыту комбинаты жылына 2 млн тоннаға дейін, ал 2019 жылдан бастап 4 млн тоннаға дейінгі кен өндіріп, қайта өңдей алады.

Сонғы жылдары Сыр өңірі құрылыс алаңына айналғаны белгілі. Содан болар, инвесторлардың құрылыс индустриясына қызығушылығы артып отыр. Бұған қоса, өткен жылдың соңында Қызылорда қаласында үй

құрылысы комбинаты іске қосылды. Биылғы жылдың маусым айының басында әлемдегі 15 елдің нарығында жұмыс жасайтын ресейлік компания «Глобальная безопасность» ЖАҚ-мен бірлесіп, Жанакорған ауданында цемент зауытының құрылысы басталады. Содан кейін — қытайлық әріптестермен Шиели ауданында тампонаждық цемент өндіретін зауыттың құрылысы қолға алынады. Бұлар 2018 жылдың басында іске қосылады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, агроөнеркәсіп саласы бойынша шетелдік әріптестермен бірлесіп, томат пастасын өндіретін, түйе сүтін өңдейтін зауыт, өсімдік майын шығаратын зауыттар мен құс фабрикасы жобалары жүзеге асырылмақ.

«Бәйтерек» холдингімен, «Қазақстанның инвестициялық қоры» және Американың «StewartEngineers» компаниясымен бірлесіп шыны зауыты салынауда. Жабдықтар жеткізіле бастады. 2017 жылдың бірінші жарты-жылдығында ол өнім шығара бастайды. Жыл сайын 197 мың тонна табақша шынысы шығарылады. Бұл өнім экспортқа бағдарланған!

— Кейде бізге орындалуы қиын идеялар мен жобаларды тұспалдап, алдымызға өте биік міндеттерді жиі қоятынымызды айтып жатады. Бірақ, біз, Елбасымыз айтқандай, әлемнің дамыған 30 елдің қатарына енуге мүмкіндік беретін табысты, жаһандық үлгідегі экономика мен қоғам құру үстіндеміз. Көпшілік біздегі жобаларды жүзеге асыру мүмкін емес деп ойлайды. Мәнінше, мүмкін емес нәрсе жоқ. Баптысы — сену керек, сонда ғана мүмкін емес нәрсе — мүмкін болады, — деген облыс әкімі аймақтың әлеуеті мен жоспарлары туралы ашық диалог құруға, пікір алмасуға арқапан дайын екендігін жеткізді. «Біздің аймақ — жауапты және сенімді серіктес. Бізбен жұмыс жасауға ынтылау азаматтарды белсенді әрі тиімді серіктестікке шақырамын. Біз инвесторлар үшін қолдағы бар мүмкіндікті жасаймыз, — деп сөзін түйіндеді.

Қазіргі таңда Сыр өңірінің экономикасында, әсіресе, ауыл шаруашылығында жағымды жаңалық көп. Егін егіп, төрт түлікті түлетіп, өнімдерін өңдеуге белсене кіріскен кәсіпкерлер қатары өсуде. Енді оларға жаңа нарық қажет. Бұл тұрғыда Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі министрі Тимур Сүлейменовтің беретін кенесі мен мағлұматты маңызды болмақ. Басқосуда ол Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі мен талап-ерекшелері төңірегінде өңгімеледі. Бұдан бөлек, біздің интеграциялық одақ — Еуропа мен дамып келе жатқан Азия арасындағы сенімді көпір әрі ашық экономикалық қоғамдастық. Сондықтан, Қазақстан Президентінің ұсынысымен 2016 жыл «Одақтың үшінші бір елдермен және негізгі интеграциялық бірлестіктермен экономикалық қатынастарды тереңдету жылы» деп жарияланды. Осы ретте «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі, «Бейнеу-Сексеуіл-Жезқазған» темір жолы өтіп жатқан Қызылорда облысы маңызды роль атқармақ.

2-сер

VII «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумы аясында өткен бірінші секция отырысында «Қызылорда облысында шағын және орта бизнесті дамытудың келешегі» тақырыбы талқыланды. Оған облыс әкімінің орынбасары Ғалым Өміревич, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі комитетінің төрағасы Аманжол Ермаков, «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Төлеміс Шотанов және шетелдік, қазақстандық бизнес қауымдастықтың, ғылыми институттардың өкілдері қатысты.

КӘСІП КӨЗІ КӨБЕЙДІ

Форум қатысушылары шағын және орта бизнесті дамыту, инвесторлармен өзара тығыз әріптестік орнату мәселелері төңірегінде пікір алмасты.

Сонымен бірге, жиын барысында қонақтар кейінгі кезде Сыр өңірінде тың серпіліс барын айтты. Мұны жергілікті биліктің кәсіпкерлік саласына деген оң көзқарасымен байланыстырып отыр. Яғни, жаһандық экономикалық дағдарысқа төтеп берудің тиімді жолы ретінде микробизнесті жандандыруға басымдық бергенін жоғары бағалады.

Ғалым Өміревичтің айтуынша, облыстың әсіресе, ауыл шаруашылығы саласының дамуында ілгерілеу бар. Мәселен, биыл Иран Ислам Республикасымен жүргізілген келіссөздің нәтижесінде, ирандық күріш сұрыбын Қызылорда өңірінде өсіру және оны экспорттауға қол жеткіздік. Сонымен қатар, бақша өнімдерін егуге айрықша назар аударылып отыр. Биыл шамамен 500 гектар жерге қауын егілмек. Алдағы уақытта бақша өнімдерін ресейлік нарыққа сатылымға шығару мәселесі кенінен сараланауда. Бұдан бөлек, ол біздің облыста туризм саласымен байланысты кәсіпкерлікті дамытуға ден қойылып отырғанын айтты.

Бұл басқосуға Жерүсті ғарыш инфрақұрылымдары нысанын пайдалану орталығы мен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің бірнеше маманы қатысып, «жұлдызды қала» және ғарыш айлағының тыныс-тіршілігімен таныстырды. Олар бірқатар жобаларды, атап айтсақ, тұрғын үй мен дене шынықтыру-сауықтыру кешені, мәдени-демалыс саябақ инфрақұрылымын және жағажай аймағын дамытатын, сауда, ойын-сауық орталығын қайта жаңғыртатын әлеуетті инвесторларды іздейтінін жеткізді. Байқоңыр қаласында туристік бизнесті дамытуға да мүдделі болып отыр. Сондай-ақ, шаһарда бос тұрған ғимарат көп. Енді бұларды қызығушылық танытқан кәсіпкерлерге беріп, ел игілігіне жарату көзделіп отыр. Бұған қоса, Байқоңыр қаласының бас жоқпары мен тұрғын үйлердің құрылысы жан-жақты талқыға түсті.

Отырыс кезінде екінші деңгейлі банктердің сарапшылары, жергілікті бизнес қауымдастықтың өкілдері ШОБ-қа қатысты ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, отбасылық бизнесті, ауыл кәсіпкерлерін қолдау мәселесі де сөз болды. Осы мақсатта 2016 жылдан бастап «Атамекен» ҰКП мен облыс әкімдігі бірлескен «Микробизнесті — Қызылорда» жобасын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталық арқылы жалпы құны 441,9 млн теңгені құрайтын 70 жоба мақұлданды.

Жиын соңында екі меморандумға қол қойылды. Құжат негізінде «Ranking.kz» ақпараттық-сараптамалық платформасы масс-медиада облыстың экономикалық және инвестициялық әлеуетін ілгерілетуге күш салды, ал «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өңірде кәсіпкерлікті одан әрі дамыту бойынша келісімге келді.

Дәурен ОМАРОВ.



ИНВЕСТИОР ҮШІН ИГІЛІКТІ ӨңІР

Ал «Атамекен» ҚР ҰКП Баскарма Төрағасының орын-басары Төлеміс Шотанов кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын таныстырды. Оның сөзінше, карта өзінесе бір сайт іспеттес. Оған кез келген кәсіпкер кіріп, көкейінде жүрген барлық сауалдарға жауап ала алады. Яғни, бұл еліміздің кез келген аймағындағы кәсіпкерліктің даму деңгейін бақылап отырумен қатар, инвестицияға мұқтаж саланы да анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздің 14 облысы мен республикалық маңыздағы 2 қаланы қамтитын Қазақстанның бизнес-картасынан бір өңірді таңдап, оның табиғи ресурстары-мен, пайдалы қазбаларымен, өндіріс ошақтарымен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен танысуға болады. Карта бизнес иелеріне ғана емес, кәсіпті енді бастамақ ниеті бар адамдар үшін де жол ұсқаушы болып табылады. Өйткені, онда әрбір аймақтың бейінді саласы, кәсіпкерлікті дамытуға арналған жағдай, жұмыс істеп жатқан субъектілер тізімі, қаржылық және инфрақұрылымдық мүмкіндіктері, еңбек пен шикізат ресурстары көрсетіледі.

Басқосуда баяндама жасаған «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» серіктестігінің Баскарма төрағасы Әділ Өтембаевтың пікірінше, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәтігі, әсіресе, қазіргі қаржылық қиындықтар кезеңінде ел экономикасын дамытудың бірден-бір моделі ретінде қарастырылып отыр.

– Сыр өңірі – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыруда республикада алдыңғы қатарда келеді. Қазіргі таңда облыста үш жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олар – 500 орындық емхана, 600 орындық кәсіптік-техникалық лицей және 200 орындық жатақхана құрылыстары, сондай-ақ, әуежайда жолаушылар термина-лын салу жобасы. Бүгінде әуежайға қатысты келіссөздер жүргізілуде, әлеуетті инвесторлар бар. Нақты келісім жасалғанда ол туралы кеңінен айтамыз, – деді ол.

Сонымен қатар, отыратына Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Анатолий Петренко “жұлдызды шаһардың” экономикалық ахуалы мен инвестициялық мүмкіндіктерін тарқатты. Ол қалада кәсіпкерліктің да-



муына мүдделі екенін айтып, оған қазақстандық, ресейлік бизнес өкілдерін аталсыуға шақырды.

Бұдан соң, Қазақстан туристік ассоциациясының президенті Роза Асанбаева Қазақстанда туризмнің жандануына септігін

тигізетін қажетті инфрақұрылым дамығанын айт-са, «Даму» қорының төрағасы Қаныш Төлеушын сөзін аяқтайтын жанапалық бастады.

– «Даму» қоры Қызылорда облысында шағын және орта бизнесті несиелендіру үшін қосымша 1,5 млрд теңге бөледі. Осы дүйсенбіден бастап кәсіпкерлер аймақтағы екінші деңгейлі банктерге барып, бизнес үшін несие алуына болады, – деді.

Оның айтуынша, өңір республикадағы аймақтардың ішінде қаржыландыру мен несие беру көлемі жағынан да, оны толық пайыз қайтару мәселесіне келгенде де жұмысты дұрыс ұйымдастырып отыр.

Форум барысында перспективалық әлеуеті жоғары инвестициялық жобалар ұсынылды. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ инновациялық паркінің директоры Влади-мир Ким кремний карбидін өндіру жобасын таныстырды. «D'Alinea Solar France» компаниясының құрылтайшысы Жан Люк Зиброу Қызылорда облысында күн-электр стан-циясын салуға мүмкіндік мол екенін айтып, бірлесіп жұмыс істеуді ұсынды.

Пленарлық мәжілістің қорытындысы бойынша Қызылорда облысы әкімдігі «Глобальная безопасность» компаниясы, К.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры және SIC technology компани-ясы арасында меморандумдарға қол қойды.

Бұдан кейін, форум секциялық отырыстарға ұласты. Онда агроөнеркәсіп кешенін дамыту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, шағын және орта бизнес пен туризмді дамыту мәселелері қаралды. Сонымен қатар, әріптестік қатынасты нығайту мақсатында бірқатар меморандумдарға қол қойылды.

Ал бүгін қонақтар Қорқыт ата кешені мен «Байқоңыр» ғарыш мұражайлық кешенін тамашалауға барды. Мұнан бөлек, форум қатысушылары «Қамыстыбас» сауықтыру кешенінің ашылу салтанатына қатысты.

Дәурен ОМАРОВ.

• МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

VII «Байқоңыр» инвестициялық форумының «Жаңа жағдайларда мем-лекеттік-жекеменшік әріптестіктің дамуы туралы» тақырыптағы секция жұмысын облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқаков ашты.

Ол өз сөзінде форум аясында Қызылорда об-лысы әкімдігі мен «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ара-сында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, аталған меморандум аясында 3 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру жос-парлануда екенін жеткізді. Олар – «Қызылорда қаласында халықаралық Қорқыт Ата әуежайы жо-лаушылар терминалының құрылысы», «Қызылорда қаласында ауысымына 500 келушіге арналған ем-хана құрылысы» және «Қызылорда қаласында СПМК-70 аумағында 200 орындық жатақханасы бар 600 орындық кәсіптік-техникалық колледж құрылысы» жобалары.

Нақты кезеңде осы 3 жобаның конкурстық құжаттары әзірленіп үстінде.

Секция жұмысын жүргізіп отырған «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобала-рын сүйемелдеу орталығы» ЖШС Баскарма төрағасы Әділ Өтембаев Елбасының өткен жылы қол қойған «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» заңы бұл ел экономикасына инвестиция тартудың нақты құралдарының бірі екенін атап өтті. Оның сөзін қуаттаған Еуразия экономикалық комиссияның кәсіпкерлік қызметін дамы-ту департаментінің директоры Бауыржан Бекс-нов жаңа заңға қызығушылық танытып, зерт-теп жатқандар көршілер тарапынан да, алып ше-телдерден де көп екенін жеткізді. Заң үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Департамент ди-ректормемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобала-ры бойынша Қызылорда облысы Қазақстандағы көпбасшылардың бірі екеніне форумға



қатысушылардың назарын аударды.

Ал Ресей Федерациясы Сауда-өнеркәсіп палатасының Қазақстандағы құрметті өкілі, Қазақстан Республикасы Салық кенесшілері палатасының вице-президенті Андрей Хорун-жий «Жаңа салық және кеден кодексінің кон-цепциясы» тақырыбы тоңирегендігі ойларын ортаға салды. Ол осы орайда Елбасының бес институционалды реформасының «Жұмыс істеп тұрған салық режимін оңтайландыру ту-ралы» 45-қадамының артықшылық жағтарына тоқталып өтті. Бұл посткөнестік орталықтағы өте

бір либералдық заңдардың бірі болатынын атап өтті. Ол табыс пен шығындарды есептеудің өте қарапайымдылығымен ерекшеленбек.

Мұнан соң секция жұмысына қатысушы Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту департаментінің директоры Ләззат Алдоңғарова «Байқоңыр» ӘКК» АҚ» ҰК-ның мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің өңірлік дамуындағы ролі туралы айтты. Ол аталған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның қолдауымен аймақта көптеген жобалардың жүзеге асырылғанын еске салып өтті. Сонымен бірге, корпорация көмегімен

жобаны жүзеге асыруда көптеген жеңілдіктерге қол жеткізуге болатынын жеткізді.

Көтеріліп отырған тақырып аясында, сондай-ақ «KAZNEX INVEST» компаниясының менеджері Біржан Әлімбаев, «Солбіт ҚазАқша» ЖШС-ның әріптес басқарушысы Сания Пер-задаева өз ойларын ортаға салды. Мұнан кейін ұсынылып отырған жобалар туралы, «Қорқыт ата әуежайының» бүгінгі проблемалары, аймақтың денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту стратегиясы жайында «Қорқыт ата әуежайы» АҚ президенті Сайлау Жаңалин, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова және басқалар айтып өтті.

Форум аясында Қызылорда облысы әкімдігі мен «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» арасы-нда ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Қ.Ысқаков алдағы уақытта «Жанрос-Холдинг» ЖШС мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясын-да Қызылорда қаласында онкологиялық орта-лықтың құрылысына әлеуетті инвестор болу-ға ниет білдіріп отырғанын жеткізді. Бүгінгі күнге Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасымен аталған жобаны республикалық деңгейде жүргізу мүмкіндіктері іздестірілуде. Со-нымен бірге, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Боқыттын қазақстандық федерация-сы» ассоциациясының жеке бастамасы ретінде «Қызылорда қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру орталығы» («Тарлан» бокс орталығы) жобасын жүзеге асыруды ұсынып отыр. Қазіргі уақытта Ассоциация жоба концепциясын әзірлеуде.

Бдырыз ТӘЖІҰЛЫ.

Кеше түс-зетінде форумынң «Агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы – кооперацияда» атты секциясы басталды. Оны облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов жүргізді.

–Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан форумның басты мақсаты өздеріңізге белгілі – аймақ экономикасының дамуы-на негіз болар жобалардың жүзеге асуы-на жағдай жасау, өңірге инвестиция тар-ту. Бұл орайдағы агроөнеркәсіптің жет-кен жетістіктері айтарлықтай. Былтырғы жылы Елбасы Сыр еліне сапары бары-сында салаға жоғары бағасын берді. Соңғы 3-4 жыл бедерінде күршітен рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Мал басы көбейді, оларды асылдандыру барысында да талайы табыстар бар. Ет өнімдері комбинаттары ашылуда, 500, 5000 басқа арналған мал бордақлау кешендері іске қосылды. Құс өсіруде де ілгерілесушілік байқалады. Қуантарлығы, бүгінгі таңда Сыр өңіріне инвестиция құям дейгін шетелдік кәсіпкерлер қатары артып келеді. Ол өз кезегінде аймақтың дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына негіз болады. Айталық, бүгінгі таңда ирандықтар Сыр өңірін күрші егуге қызығушылық та-нытып отыр. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Сыр өңірі қай жағынан алып қарасақ та, өндірісті дамытуға қолайлы. Форум аясында өткізіліпті іс-шаралар аясында ғалымдар мен инвесторлар, қонақтар бұған толық көз жеткізеді деп ойлаймын, – деді облыс әкімінің орынба-сары кіріспе сөзінде.

Рәс, аймақ экономикасының құретамыры ауыл шаруашылығы саласындағы өнім көлемі артып келеді. 2015 жылы облыста 62,8 млрд. теңге ауылшаруашылық өнімдері өңіріліп, өсім 4,2 пайызды құрды. Ет өндіру 1,8 пайызға, сүт өндіру 2 пайызға өсті. Салаға құйыларға инвестиция 2014 жылмен салыстырғанда 11 есе көбейген. Дегенмен, жеке сектор-да, үй шаруашылығында өңірлерінен өнімнің өтпемділігі баяу. Сондықтан, мемлекет ауыл шаруашылығын кооперативтендіруді қолға алды. Шағын шаруа қожалықтары бірігіп еңбек ете, қолдағы барды жанартуға, сапалы өнім өндіруге жол ашылады. Сонда ғана экспорттау жолындағы кедергілердің

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КООПЕРАЦИЯ

кемуіне қол жеткіземіз.

– «100 нақты қадам» Ұлт жоспа-рында ауылдық жерлерде кооперативтік өндірісті дамыту керектігін Елба-сы айқындап берді. Өткен жылдың 29 қазанында «Ауылшаруашылық кооперативтер туралы» Заң қабылданып, биылдан бастап іске асырылуда. Заң жобасын түсіндіру мақсатында об-лыста арнайы жұмысты топ құрылып, түсіндірме жұмыстары барлық ауданда жүргізілді. Қазір облысымыздың тауар өндірушілері кооперативтерге бірігуге үлкен қызығушылық танытып отыр. Бүгінде 50 ауылшаруашылық өндірістік кооперативтері құрылды. Оның 39-ы тіркеуден өтті, – деді Серік Салаутұлы.

Секция барысында 6 скипер баян-дама жасалды. Алдымен сөз алған Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің эконо-микасы және ауылдық аумақтарды да-мыту ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Галия Әкімбаева:

– «Ауылшаруашылық кооператив-тер туралы» заңының жобасын біздің ғылыми-зерттеу институты жасады. Осы жобаны түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Кооператив көбінесе кіші ша-руа қожалықтарына арналған. Өйткені, бүгінгі шаруа қожалықтарының ақша қорлары, техникалары жоқ. Бөлек-бөлек жұмыс жасауға мүмкіншіліктері аз, ал ауылшаруашылық кооперативтер-ге қосылса, тиімді болады. Олар бірігіп техникалар алуына мүмкіндік мол. Қазір соған инвестициялық субсидия беріліп жатыр. Басқа шаруа қожалықтары да алады, десе де, бірінші кезекте коопера-тивтерге берілуде. Біз қазір Жамбыл об-лысында 10 пилоттық жобаны жүзеге асырудамыз. Шаруа қожалықтары кооперативке өз еркімен бірігеді, біздің та-раптан олардың жұмыс жасап кетуіне барлық жағдай жасалады, – деді.

Сондай-ақ, секцияда «EXIMAR» ЖШС директоры Айман Тұрсынхан, «ЕвразияАгроХолдинг» ЖШС дирек-торының орынбасары Берік Арынғазиев, «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ҒЗИ» ЖШС бөлім меңгерушісі Масим-жан Велямов, «Almex-Baiterek Fund» ЖШС-ның инвестиция жөніндегі дирек-торы Ғаббас Ержановтар баяндама жаса-ды. Сонан соң, қатысушылар секцияға қойылған тақырып аясында пікір алма-

сып, ой бөлісті.

Шара қорытындысында Қызылорда облысы әкімдігі атынан облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов пен «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ҒЗИ» ЖШС өкілі Масимжан Велямов



«Қызылорда облысында инновациялық технологияларды енгізу және тарату бойынша біріккен іс-шараларды жүргізу туралы» екіжақты меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, Қызылорда об-лысы ауыл шаруашылығы басқармасы мен «EXIMAR» ЖШС өкілдері ара-сында «Ет өнімдерін өндіруді ұқсатуды ұйымдастыру, экспорттық әлеуетін қалыптастыру үшін біріккен іс-шаралар туралы» келісім жасалды.

Нағымжан САУЯЕВ.

жұмыстарды саралаған облыс әкімінің орынбасары Ғ.Әміреєв құрылысы аяқталған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізін бойында жүргізіліп жатқан сервистік қызмет көрсету орталықтарының құрылыстары және «Байқоңыр» ғарыш аймағында инфрақұрылымды бірлесіп жанғырту мәселесі шешімін тапқанын атап өтті.

Жиын соңында бүкіләлемдік көрмені өткізу қарсаңында облыс тұрғындарын туристік пакеттермен қамтамасыз ету жөнінде жергілікті туристік компаниялар мен «Астана ЭКСПО-17» ҰК» АҚ арасында меморандумдарға қол қойылды. Сондай-ақ, өзара ынтымақтастық орна-ту мақсатында Сырға келетін туристерге тиімді жағдай жасау үшін жергілікті туристік компаниялар облыс орталығында орналасқан қонақ үй иелерімен келісім жасасты.

Сара АДЫБАЕВА.

ПІКІР МЕН ПАЙЫМ



Джон Сынг Мин, Корея Республикасының Алматыдағы бас консулы.

– Мен Қазақстанға 5 ай бұрын келдім. Екі ел арасында саяси, сауда-экономикалық, мәдени, ғылыми, тағы басқа салалар бойынша жан-жақты әріптестік диалог орнаған. Корея үшін Қазақстанмен әріптестіктің маңызы зор.

Қызылорда облысына алғаш келуім. Облыс әкімінің шақыруымен «Байқоңыр» инвестициялық форумын-да – әріптестікке негіз болатын жобалармен танысып, сіздердің өңірлеріңіз жайлы мағлұматтарға қанығу.

Бүгінгі форум бизнес қауымдастық пен мемлекеттік орган өкілдерінің кездесіп, көптеген мәселелерді талқылауына жол ашты деп ойлаймын. Жетінші мәрте өткізіліп отырған бұл форумның әріптестік қатынастардың құрылуына, дамуына, тәжірибе алмасуға, іскерлік қарым-қатынастарға жол ашатын алаң ретінде қалыптасқаны байқалады. Күн тәртібіне қарағанда инвесторфум салалық, аймақтық, халықаралық экономикалық байланыстарды нығайтып, оған қатысушылардың барлығына, ең бастысы облыстың экономикалық дамуына тиімділік әкелетініне сенімдімін.

Андрей Камечкин, «Caspian Service» компаниясының президенті:

– Бірінші кезекте, туған жерге келгеніме қуанышты екенімді жеткізіп келеді. Инвестфорумға өзімізін әріптес достарымымен бірге келдім. Өйткені бұл басқосуды бизнестің сан қырлы бағыты бойынша жұмыс жасауға жол ашатын орта деп есептеймін. Бұл жер-де қатысушыларға әріптестерімен кездесуге, келісімдер жасауға, елшілермен жолығып, пікірлесуге барлық жағдай бар. Форум ұсынған осы мүмкіндіктер жана әріптестіктерге жол ашатынына сенімдімін.



Облыста экономикалық, әлеуметтік өрлеуге барлық негіз қаланған. Туризмді дамытуға таптырмас мүмкіндіктер бар. Біз «Байқоңыр» деп аталатын жана отандық велокоманда құру жобасын бастадық. Қазақстан туралы айтқанда шетелдіктер ең алдымен осы «Байқоңыр» атауына елең ете қалады. Аталған жоба тек қана велокоманда құрумен шектелмейді. Туризм арқылы өңірге инвестиция тартуды көздеп отырмыз. Жоғарыда атап өткенімдей, Байқоңырды шетелдіктердің бәрі біледі, бірақ қайда екенінен хабарлары жоқ. Сондықтан ғарыш қақпасын көрем деушілерге мүмкіндік жасауымыз керек деп ойлаймын. Туған жердің бір перзенті ретінде осы жұмысты қолға алып, өңірге инвестиция тартуға өз үлесімді қоссам деймін.

Форум көптеген іскер адамдармен, әріптестерімен сөйлесуге, келісімге келуге жол ашқандықтан, оған келушілердің барлығына пай-далы болды.



Патрик ПАРАМОР, “СМІ Групп” компаниясының вице-президенті (Бельгия):

– Мен башшылық ететін компанияның 200 жылдық та-рихы бар. Ол осы уақыт аралығында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерді. Енді сол жұмыстарымызды Қазақстан-да жалғастырып, өз жобамыз-ды жүзеге асыруға ниеттіміз. Осы мақсатта бүгінгі форумда газ-турбиналық электрстанциясының құрылысына қатысты жобамыз-ды ұсынып отырмыз. Бұл ба-

стама жергілікті билікті қызықтырып, алдағы уақытта бірлесе қызмет атқарамыз деген үміттеміз.

Негізінен Сыр еліне, тіпті Қазақстанға алғаш келуім. Бұл «Байқоңыр Инвест» инвестициялық форумына қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Жалпы алғанда, форум маған ұнады. Жүйелі, өте тыңғылықты ұйымдастырылған. Парғаға түрлі саладағы бизнесмендер мен қаржы институттары өкілдерінің келуінен-ақ, оның маңыздылығын және көпшілік назарын ерекше аударып отырғандығын аңғарту болады. Бұл жана жобалардың жүзеге асуына жол ашып, тың идеялардың жандануы-на үлкен мүмкіндік береді. Мұндай форумдардың, әсіресе кәсіпкерлер үшін орны ерекше. Олардың бизнес әлемінде серіктес табуына, қажетті ақпараттар алуына, әріптестік байланыс орнатуларына себепкер болады.

Иван ШКАРБАН, “Глобальная безопасность” ЖАҚ-ның бас директоры (Ресей):

– Бұл форумның тұрақты қатысушысымын. Сондықтан оның уақыт өткен сайын жанданып келе жатқандығын аңғардым.

Біздің компания Қазақстанда бірнеше жылдан бері жүйелі жұмыс жасап келеді. Оның қызметі негізінен архитектура, өнеркәсіп, құрылыс саласындағы инженерлік-техникалық жобалау және өнеркәсіп өндірісіне, тау-кен, көлік құрастыру салаларына қатысты жана жобалар-ды жасауға бағытталған. Сонымен қатар құрылыс саласынан да алшақ емеспіз.

Қазақстан ерекше қарқынмен дамып келе жатқан мемлекет ретінде көпшілікке жақсы таныс. Бұл өз кезегінде ресейліктерді де қуантады. Себебі бізді берік қарым-қатынастан өзге өткен тарихымыз да байла-ныстырады. Сондықтан да мұнда ресейлік кәсіпкерлердің көптеп келуі заңды құбылыс деп білемін. Ескі әрі тұрақты қарым-қатынас орнаған әріптестер ретінде біздің алдымызда үлкен міндеттер тұр. Алдағы уақытта экономиканың өркендеуіне және ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға күш салуымыз керек деп ойлаймын.

Дәл қазіргі уақытта бізді Қызылорданың сол жағалауын дамы-ту жұмыстары қызықтыруда. Жалпы алғанда, сіздердің өңірлеріңіз маңызды авто және теміржол магистралінің бойында орналасқан. Бұл оның экономикалық тұрғыдан одан әрі нығаюына мол мүмкіндік береді.

Айман ТҰРСЫНХАН, «EXIMAR» ЖШС директоры:

– Биыл жетінші мәрте өткізіліп отырған «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумы өте жоғары деңгейде өткенін атап өткім келеді. Алдымен біз “Қызылорда облысының инвестициялық жобалары” тақырыбында ұйымдастырылған көрме жұмысымен таныстық. Мұнда аймақта жүзеге асырылып жатқан үлкен жобалар қойылыпты. Ал жи-нда облыс әкімі К.Қошербаяев өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін айтып берді. Форумға шақырғаны үшін Қызылорда облысы әкімдігіне компания атынан алғыс айтамын.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тақырыбында өткен секциялық жұмыс барысында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті өте жоғары екенін атап өтті. Расымен де, Сыр өңірі – ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, оның ішінде мал шаруашылығын өркендетуге өте қолайлы аймақ. Мұның жарқын дәлелі, мәселен, біздің компания қазіргі таңда Сыр өңірінен малдың етін сатып алып, Алматыға жөнелтуде. Содан кейін оны Ресейге экспортқа шығарудамыз. Ал Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыс жыл өткен сайын нығайып келе жатқанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Бұл Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының арқасы деп есептеймін. Себебі, ауыл шаруашылығы саласына біздің елімізде мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың түрлері өте көп. Біздің шетелдік тұтынушыларымыздың Қазақстан етіне деген сұранысы жоғары. Алдағы уақытта біз өзге де шет елдерге экспортқа шығарамыз деп жоспарлап отырмыз.

● ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

МАЙДАНҒЕРДІҢ МЕРЕЙІ

Алдағы маусым айында басталғанына 75 жыл толғалы отырған Ұлы Отан соғысында бірнеше мыңдаған қандастарымыз елін қорғауда ерлікпен көз жұмды. Әділдік пен зұлымдықтың соғысы деп бағаланған сол қанды қырғыннан туған топыраққа аман-есен оралғандардың бірі о сегізінде от кешкен Зал Мырзахметов болатын.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз 1925 жылдың қыңыр күзінде Сырдария ауданының бұрын Комсомол аталған қазіргі Қызылжарма елді мекенінде дүниеге келген. 1934 жылы онсындағы білім ошағының табалдырығын аттаса, 1940 жылы Жалағаш ауданындағы Қаратөбе мектебінің жетінші сыныбын бітірісімен “Жаңаарық” шаруашылығының астық жинау, тасымалдау жұмыстарында тер төккен.

1943 жылдың наурыз айында Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынған ол Жапонияның шекарасындағы Маттшевск станциясы жанында орналасқан 249-полкте әскери дарылықтан өтіп, одан әрі Молотов қаласындағы кіші командирлер дайындайтын курста оқыпты.

1944 жылдың мамыр айында Калинин облысының Великие Луки қаласы маңында 1344 жау әскер полкінің құрамында майданға кірген Зал Мырзахметұлы Литваның Шауляй, Каунас, Тельзат, бірқатар неміс қалаларын, сондай-ақ Липецк, Кенгисберг секілді ірі қалаларды азат етуге қаттисса, Жеңіс күнін сол Кенгисберг қаласында қарсы алды. Бірақ ол Жеңіс жылы елге орала қоймаған екен. Соғыс біткеннен кейін де Клайпеда қаласында әскери борышын жағастырған майдандер 1949 жылдың желтоқсан айында ғана туған топыраққа табан тірепті.

Соғыстан аман-есен оралған соң 1950 жылы Жеңіс жауынгері Теренөзек аудандық

● ЖАРИЯ ЕТУ

ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНЫП ҚАЛЫҢЫЗ

2014 жылдың 1-қыркүйегінде «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкіті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңы қолданысқа енді. Бұл заңның мақсаты неде, ерекшеліктері қандай? Газет тілшісі Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы Гүлжамал Шортанбаевадан осы сауалдарға жауап беруін өтінген еді.

— Бұл заңның мақсаты біріншіден, көлеңкелі экономикамен күрес, яғни отандық экономиканың ішкі ресурстарын көпестелген шығару болып табылады, — деп ол бізбен әңгімесінде. Екіншіден, еліміздің экономикасына қосымша қаражаттар және инвестициялар тарту және бюджетке қосымша түсімдерді көбейту көзделіп отыр. Яғни, жария етілген капитал еліміздің экономикасын дамытуға атсалысуы тиіс.

Үшіншіден, 2017 жылдан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдардың табыстары мен мүлкін жаппай декларациялауға көшуімен байланысты болып отыр. Яғни, елімізде жүргізіліп жатқан мүлкіті жария ету акциясы барлық азаматтарға өздерінің қаражаттары мен мүлкіттерін заңды түрде рәсімдеуге мүмкіндік береді. Ал, кейін жаппай декларациялау кезінде заңдастырылған мүлкі мен табыстарын ашық көрсете алады.

Жария ету нысандарына ақша, бағалы қағаздар, заңды тулғанын жарғылық капиталына қатысу үлестері, оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер ҚР-ның заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға рәсімделмейін жылжымайтын мүлік, құрылыс нормалары мен қатталарына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығына тиесілі жер учакесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, ҚР-ның аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар); ҚР-ның аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлкітер жария етуге жатады.

«Жария ету туралы» Заңмен жария етуге жататын мүлкінен қатар, жария етуге жатпайтын да мүлкітін барынша толық түсініп белгіленген. Бұл ретте жекелеген қылмыстарды жасау нәтижесінде алынған мүлкітер жария етуге жатпайды. Мәселен, жеке адамға қарсы және адамның конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарын бұза отырып алынған мүлкітер, конституциялық құрылым мен мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыстық жолмен алынған кірістер, сондай-ақ, сыйбәйлас жекемүлкік және басқа да құқық бұзушылық пен мемлекеттік қызмет мүддесіне қайшы қылмыстар жасау бойынша алынған мүлкітер рақымшылыққа жатпайды.

Сонымен қатар, сот тәртібімен оған құқықтар дауаланып жатқан, несие ретінде алынған ақша, мемлекет пайдасына берілуге жататын



ішкі істер бөліміне қызметке шақыртылып, алғашында БХСС, кейінірек учаскелік инспектор болып абыройлы еңбек етіпті. Бейбіт өмірде ішкі істер органдарында ширек ғасыр қызмет атқарған Зал Мырзахметұлы 1975 жылдың қыркүйек айында “ердің жасы — елуге” толғанда құрметті еңбек демалысына шыққан екен.

Өмірдің талай ащысы мен тұшысын қатар татқан атпал азамат енді елдің тұрмысын көтеруге, әлеуметтік дамуының жақсаруына әур үлес қосады. Өздері тұратын Шаған ауылында атақасиіті қолға алып, мал басын көбейткен, қара кетпенмен жер қыртысын қопарып, көкөніс-бақша дақылдарын өсірумен айналысқан.

— Атамыз асқарқын болатын. Бауыр-малдығы да ерекше еді. Көп ішінде көшелі сөзін өткізе білетін. Жеңіс мерекесінде омырауына орден, медальдарын тағып шыға келгенде шынында атамызды танымай қалатынбыз, — дейді сыйлас ініс, Ы.Жақаев атындағы күрші ғылыми-зерттеу институты бас директорының орынбасары, ауыл ша-

руашылығы ғылымдарының докторы Әсет Тоқтамысов әңгіме арасында.

— Майданнан аман оралған атамыз соғыс туралы көп әңгіме айтуға ынталы бола бермейтін. Тек мереке қарсаңында мектепте оқушылармен кездесулерде келешек ұрпақ бейбіт өмірдің қандай қиындықпен келгенін жіті ұғынуы үшін ғана сұралып соғыс оқиғаларынан үзік-үзік әңгімелен беруші еді.

Жеңіс жауынгері Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан қорғаудағы ерен ерліктері үшін көптеген наградаларға ие болған. Атап айтқанда, “Қызыл Жұлдыз”, II дәрежелі “Отан соғысы”, II және III дәрежелі “Даңқ” ордендері, екі мәрте “Ерлігі үшін” медалі, сондай-ақ “Жуков” және Жеңістің 30, 40, 50 жылдығына арналған мерекелік медальдар. Ішкі істер министрлігінің “БХСС-тің үздік қызметкері” төбелісімен марапатталған.

“Бас екеу болмай, мал екеу болмайды” дегендей, майдандер 1952 жылы Несібелі Жаханова есімді шағандық бойжеткенмен шаңырақ көтертіріп. Зал әкеміз бен Несібелі анамыз бауырларынан өрген үш қыз бен алты ұлды өнегелі етіп, тәрбиелеп өсірді. Бүгінде “Алтын алкалы” әулетінің эиз әжесі жиырма бес немере мен он бір шөберені шаттығына бөленіп отырса, абыз атаға бұл қуанышқа ортақтасуды жаратқан нем жазбапты. Ол осыдан он жыл бұрын 81 жасында өмірден озыпты.

Қыздардың үлкені Әлімаш Сырдария аудандық әкімшілігінде ішкі саясат бөлімін басқарса, Міраш Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытұшы, Света Ақтөбе қаласында орта мектепте мұғалім боп еңбек етеді. Ал Кеңес, Мұхтар, Бақыт, Болат, Нұрлан, Ерлан есімді ұлдар өңірімізде әртүрлі салада қызмет атқарады.

Иә, Мырзахметұлы Зал әкеміздің туған елі мен өз тәрбиелеп өсірген ұрпақтарының жарқын болашағы үшін еткен еңбектері, өнегелі өмір жолдары әрқашан ұрпақтарына үлгі болып қала бермек.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.
Сырдария ауданы.

Өмір, тағдыр дегенің қызық қой, кейде болжамаған, өз ақыл-ойыңмен зерделеп өткізуге қабілетің жетпейтін таңғажайыптарды алдыңа тоса салатыны бар. Нұрекен, Нұрділда Уәлиұлы туралы жазуға қолыма қалам алғанда ол кісімен араласқан, жақын жүрген, көңіл сырын ақтарған ширек ғасыр ішіндегі бір сәйкестік есіме еріксіз орала кеткенін қайтерсіз. Ал тағдырдың бұл сәйкестігі менің ол кісінің азаматтық, адами болмысына деген сағыныш сезімімді тұғызған еді.

1985 жылдың ішilde айында Нұрекен зейнетке шыққан Қалқабай Әбеновтің орнына қазіргі “Сыр бойы”, сол кездегі “Ленин жолы” газетіне бас редактор болып тағайындалды. Арада бір-екі ай өткенде сол газетте корректорлық (бұл техникалық қызмет болып саналады) жұмыста жүрген мені жаңа бас редактор газет аппаратына — тілшілік қызметке тағайындау

Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау экономикасының негізгі саласы ауыл шаруашылығы саналатын Сыр бойына өте ауыр тиді. Әрине, еңсесін енді тіктеп келе жатқан елде қайсыбір аймақтың да айдарынан жел есіп тұрғаны шамалы еді. Бірақ осыған дейін мыңдаған гектарға күріш егіп, төскейін төрт түлік толтырып жататын өңірде тұратындар тіршілік өз ырғағынан жаңылғандай күй кешкені жасырын емес. Осыдан да бұл кезде алғашқы мұнай тонналарын енді өндіріп, өндірісті аймақ болуға бет бұрған аймақ жұртшылығы нарық талабының алғашқы сынына үрке қарағаны анық. Дегенмен, жаңа экономиканың талаптары біртіндеп жүзеге аса бастады.

1996 жылдың 30 қыркүйегінде облысқа жаңа әкім тағайындалды. Көп ұзамай жас басшы Бердібек Сапарбаевтың жаңа талапқа сай іріктелген командасы жасақталды. Облыс әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болып тағайындалған Серікбай Нұрғисаев алымды команданың алғашқы легіндегі азаматтың бірі болды. Еңбек жолын Талғардағы училищенің оқыту шеберлігінен бастап, әр жылдары Алматы қаласындағы аудандарды, «Глоба-Казахстан» өнеркәсіптік-қаржылық корпорациясын басқарып, билікте де, бизнесте де тәжірибе жинақтаған азамат Сыр елінің өркендеуіне өз үлесін қосауға кірісті.

Бүгінгі уақыт бірінінен қарағанда кешегі өткен көп мәселенің қарапайым оқиғай көрінетіні бар. Бірақ, 1997 жылы қақаған қыста облыс орталығын жылумен қамтамасыз етіп отырған қазандық жарылып, тұрғындардың нағыз қыстың шілдесінде дірлек қаққаны ешқашан ұмытылмаз. Салыңғанына 30 жылдан асқан ғимарат төбесіне жылдар бойы жиналған күлдің салмағына шыдаз бермей қабырғалары қақырап түскен ғой. Апат жайлы хабар Елбасына жетіп, Үкімет қазандықтарды қалпына келтіруге көмек беретін болды. Іс басындағы азаматтар да қарап қалмады. Серікбай Нұрғисаев осы апатты жою үшін арнайы құрылған штабты басқарып, жылу орталығының басында жүрді. Жиі-жиі мәжіліс өткізіп, жұртты апатты жою үшін жасап жатқан жұмыстарынан хабарлар етті. Даладан бетер азынаған баспанасының қай бұрышына тығылғарын билік басы қатқан елдің жағдайын жасайтын бар шаруаны үйлестіріп отырды. Билік пен тұрғындардың арасындағы осындай түсіністік арқасында аз уақыт ішінде орталық толық қалыпқа келтіріліп, келер жылы кідіріссіз жұмысын жалғастырып жүре берді.

Бірінші орынбасар орынтағында үш жыл шыңдалған Серікбай Өрікбайұлы 1999 жылы Елбасы Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі қызметіне тағайындалды. Аймақ тарихындағы жиырма бірінші әкім болып іске кіріскен оның алдында өңір экономикасын әртараптандыру, өндірісті өрсілету секілді міндеттер тұрды. Бүл-жетінің ауқымы шамалы аймақ үшін бұл айтылуы оңай, атқарылуы қиын қабатат іс еді. Мемлекеттік қолдау аясы бүгінгідей

кең болмағанмен ауыл шаруашылығында біраз бастаманың басы қайырылды. Күріш алқаптары кеңейіп, түрлі дақылдар егу қолға алынды.

Мен ол кезде Жалағаш ауданын басқаратынмын. Бердібек Мәшбекұлын Оңтүстік Қазақстан облысына шығарып салып, жаңа әкімнің кабинетіне жиналдык. Осы сәтте Серікбай Өрікбайұлы маған қаланы басқаруға ұсыныс жасады. Бұл кезде осыған дейін шаһарға басшылық жасап келген Бакберген Досмамбетовтің Сенатқа сайланатыны белгілі болып қойған еді. Келісім бердім, көп ұзамай облыс халқының үштен бірі тұратын қаланы басқаруға кірісіп кеттік. Сол тұстағы қаланың бюджеті 1 млрд 670 млн теңге еді, облыстың бюджеті 4 млрд. теңгеге де

затын 9999 теңге деп жарнамалайтын маркетингтік тәсілге салып тұрмын» деп едім, басын шайқады да, жұмысқа сәттілік тіледі. Көп ұзамай қазіргі «Сарқырама» каналы да пайдалануға берілді.

Біздің кейбір іс басындағы азаматтарда өзіне дейін басталып, бітпей тұрған жобаларды жалғастыруды жаратпайтын бір әдет бар. Осының кесірінен елге пайдасы тиетін қанша бастама аяқсыз қалып жатыр. Бердібек Мәшбекұлы облысты басқарып тұрған кезеңде «Құмкөл» газын игерудің алғашқы қадамдары жасалып еді. Неге екені белгісіз, сол тұстағы Үкімет басшысы Нұрлан Балғымбаев бұл бастамаға қарсы болды. Тіпті «Құмкөлдегі» газ қорының бір ауылды қамтамасыз етуге жетер-жетпесі неғайбыл, қалаға тартам деп

отырған Алаш ардағы Әлихан Бөкейхановтың «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды» деген сөзі бар екен. Тіл демекші, ең алғаш Сыр топырағын басқанда Серікбай Өрікбайұлы ана тіліне шорқақ көп қалалықтың бірі еді. Үлкен шаһарда оқыған, физика-математика мектебінде білім алған, атқарған қызметінде де орыс-тілдердің ортасында жүрген жігіттің бір қиналған тұсы осы шығар... Бірақ көп ұзамай мақалдатып сөйлегенде сөз мәйегін қанып ішкен қандастарын қайран қалдыратын дәрежеге жетті. Ал 2001 жылы Қызылорда облысы республика аймақтары ішінде іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшірген алғашқы өңір болды. Бұл талабымен тастан да ауыр жолдан өткен жас

бөрің жасадым. Біз кәсіпкермен айтысып, мүдделі адамдармен тартысып жүріп, мәдениет үйін мемлекетке қайтардық. Ғимараттың бір бұрышында шаң басып, елеусіз жатқан Асекеннің бюстің ел алдына шығардық.

Қазақтың «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» дейтіні бар ғой. 2002 жылы Сырдария өзені арнасынан асып, қалаға қадімгідей қауіп төне бастады. Шіреп тұрған арна қалаға лықсыса төтенше жағдайға қаралған қаржыға үйілген топырақтың қамсау болар түрі көрінбейді. Үкімет біздің жағдайымызды 30 желтоқсан күні қарайтын болды. Осыны дәтке қуат етіп, қаладағы компаниялар басшыларын жинап, жағдайды айттық, обалы не керек, бәрі техникасын жұмылдырып, өз

көрсетіп, амандығын сұрауға жарамайды. Әкім кезінде кабинетінің алдын босатпайтындардың осындай «кісілігіне» қайран қаламын.

Сол жылдары жүздеген үйді бұзып, «Тағзым» алаңын кеңейттік. Өтемақысына риза болмаған жандардың менің үстімнен облыс әкіміне арыз айтқан кездері де болды. Тіпті желілік полицияның Батыс аймағындағы басшысы Секеннің көзіңше маған «Мен сені абақтыға жабамын» деп айбат шеккен. Мен пейілі дұрыс емес жанмен сөйлеспейтінімді айтып, кабинеттен шығып жүре бердім. Бірақ, ақылы бар азамат екен, кейін полицияны кең ғимаратқа көшіріп жатқанымызда әлгі полковник менен кешірім сұрады.

Қазіргі Қорқыт ата ескерткіші әу баста орталық алаңда орнатылуы тиіс болған екен. Бірақ өзіме баба бейнесіне алаң тарлық қылатындай көрінді. Маған дейін бекіп кеткен жобаның сәулетшісі Жаркен Исмағұловпен ақылдасып едім, ол мені қолдай кетті. Сөйтіп жемалы мінген Қорқыт бейнесі дария жағасында тұру керек деп шештік. Қаланы аралай келе ескі базар маңындағы жүйке аурулары ауруханасының жылу қазандығы орналасқан алаңнан басқа ыңғайлы жер таппадық. Мәселені өзімше пісіріп алған соң жаңағы жерді Серікбай Өрікбайұлына көрсеттім. Жүйке аурулары ауруханасының ауласында тігін цехы мен шошқа фермасы бар екен. Ферманы көргенде облыс әкімінің қабағы түйіліп кетті: «Баймаханов, қаланың қас ортасында шошқа асыраған деген не сұмдық? Бір амалын, тауып, көшіру керек» деп тапсырма берді. Маған керекі де осы болатын. Архитекторға сызбасын жасатып алып, іске кірістік. Аурухана мен ескі әскери комиссариатты тегістеп, тағы біраз нысанның иесімен келісіп, қаланың дария бетін аштық. Өзеннің сағ ауасы суы етіп қалаға құйылды. Бұл бастама жалпы өзен жағалауын игерудің басы болды. Қазір баба ескерткіші қаладағы ең әсем орынын бірі. Оны көрген сайын бүгінде көрген түстей ұмытылған көп бейнет еске түседі.

Ал аурухана мен ескери комиссариатты жаңа ғимаратқа орнатылуы үшін біраз мекемені көшірдік. Тастаяқтың шарындай айналып келіп, бәрі өз орнын тапты. Осының бәрінде Серікбай Өрікбайұлы маған сенді. Істен қорықпанды шығаратыныма көзі жетіп отырғанын, қолдады. Тіпті бір орынбасарының мен жайлы «Қолға алған жобаларымыздың кідірісіз жүруіне қала әкімінің мінезі көп кедергі келтіреді, Баймахановты орындан босатқанымыз дұрыс» деп ұсыныс жасаған кезі болыпты. Сонда Секен оған «Не десендер де, маған Баймахановтан артық қала әкімі қажет емес» деп жауап қайтарды. Мен мұны өзімнің азды-көпті еңбегіме берілген баға деп қабылдадым. Өріңе, бірі облысты, бірі қаланы басқарып отырған екі басшының ұлы ұйған сүттейі болып қызмет етуі мүмкін емес. Біздің де арамдыла келіспеушілік болып қалатын. Бірақ сол тұста жұрт гүлеткендей бас ар

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҒАЛАМТОРДАН ІЗДЕП ӘЛЕК БОЛМА!

Мемлекетіміз тәуелсіздігін алып, егемендікке алғашқы қадам басқан уақыттары елдің ішінен ірікті тудырып, ауызбіршілікке қаяу келтіретін топтар сырт елдерден ағыла бастады. Бодандықтан аршылып, өз дәстүрімізге сай ғұрпымызды қалыпқа келтірер заман туғанда аяққа бұратылған ағымдар шалт құлатуға тырыскандай әрекет етті. Бірінші кезеңде алыс елді мекендердегі мешіттер қараусыз қалып, деструктивті ағымдар ел арасында ашықтан-ашық уағыздар жүргізді. Тәуелсіз Қазақстан жерінде діннің алғашқы көріністері осы күйінде етек жайса керек. Зиялы қауымның парасаты мен кеменгерлігінің себепкерлігімен, бұндай жағдайлардың да алдын алатын заң өз күшіне енсе, ағымдар өз жұмыстарын діни ағымдық әдебиеттер арқылы жүргізетін болған. Екінші кезең, түрлі діни әдебиетті мешіт ауласында сатқан топтарды да, аға буын өкілдері өз заманынан өткерген. Уақыт та жылжып, бұндай әрекетке де тыйым салынды. Үшінші кезең, жат ағымдық көзқарасты жаксы менгерген топ өкілдері мешіт ауласынан дінге енді бет бұрған кісілердің алдынан шығып, түрлі әдістермен өз құрамына тартуға (рекрутинг) тырысқан. Мешіт имамдарын тағайындайтын, ұстаздардың жұмыс тәртібін реттейтін бірлестіктің, яғни «Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы» пайда болуымен бұл мәселе де өз шешімін тауып, дестүрлі ұстанымымызды насихаттауға алғы шарттар жасады. Десек те, ХХІ ғасырдың басы жаһандану мен қатар келген ғылыми-технологиялық дамулар бірлігімізді бұзға аянбағандарың таптырмас құралына да айналып үлгерді. Төртінші кезең, ғаламтор желілері арқылы түрлі радикалдық тақырыптағы насихаттар кеңінен тарала бастады. Арнайы мамандар тобы құрылып, казіргі күнге дейін діни экстремизм мен терроризмге уағыздайтын, Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келетін контентке (мақалалар, видео – аудиожазбалар, суреттер, т.б. кіреі) сараптама жасайтын орталықтар ашылды. КР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан әлі күнге дейін жұмыс жалғасуда. Айта кетейік, 2015 жылдың бірінші жартысының өзінде бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берген КР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин бірқатар тың ақпараттарды ортаға салды:

– Биыл 5 мыңнан аса интернет сайттары тексеріліп, оның 55-і дін туралы теріс ақпарат таратқаны үшін жабылды. Ал, бытыр құжырлы мекеме мамандары халықаралық 7 мыңнан астам интернет ресурсына мониторинг жүргізіп, көпшіліктің санасын саранға салған 170 порталдың пасық пінгылды әрекетін әшкереледі. Бұл бағытта Комитеттің жанынан құрылған арнайы орталық жүйелі жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ діни тұрақтылықты сақтап, осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін сенімді сайттар, интернет порталдарын, әлеуметтік желіде ақкаунттар ашудамыз, – деді комитет төрағасы.

Ресей Федерациясы 2014 жылдың соңына дейін орыс тіліндегі контентті 7500 сайттың жұмысын бұғауласа, ғаламтор кеңістігіндегі мұндай материалдарға мониторинг жасау жұмысы тоқтатылған емес.

Бесінші кезең, ақпарат таратуда әбден машықтанып алған ағым мүшелері ендігі кезде жастардың ғаламтордағы әлеігі болған

әлеуметтік желілер арқылы өз пиғылдарын жаюда және ең өкініштісі бұл кезең әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Түрлі НЛП (нейролингвистикалық программа) әдістерді қолданып, жастардың санасын улайтын түрлі жазбалар, бейне роликтер, аудиожазбалар кеңінен жарық көруде. Біріне тоқтау қойса, екіншісі сол мезетте қайта пайда болып жатады. Бір ақпараттың түрлі атауларымен шығатынын айтпай кетпесек тағы болмайды. Арандатушылық қоздыратын бейнероликтер мен суреттер әлеуметтік желінің барша топтарында жарық көріп үлгеруде.

Бесінші кезеңнің маңыздылығын көрсету үшін статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек. Қазақстанда интернетке қол жеткізгендердің саны 9,966,444 (2015 жыл, қараша) адамды құрайды. «Өзіңіз қызыққан ақпаратты қандай көздерден іздейсіз?» деген сұраққа 18 бен 29 жас аралығындағы сұралушылар «Интернеттен» деп, 63,4% жауап берген. 9 млн-ға жуық қолданушы «Вконтакте» желісіне тіркелген болса, олардың 1,945 млн-ы белсенді пайдаланады. Бір қызығы, 25 жасқа дейінгі қолданушылардың үлесі төрттен үш бөлігін құрайды. Айына «Facebook» желісін қолданатындар саны 694 мыңға жетсе, «Одноклассики» желісі де сол шамалас – 805 мың.

Қайбір әлеуметтік желіні аласақ та, әрқайсысында тұрақтылығымызды ұнатпаған, ауызбіршілігімізді бұзуды басты мақсат еткен, тарихи қалыптасқан дәстүрімізді аяқ-асты қылу үшін елді топ-топқа бөліп жаруда аянбаған ағым мүшелерінің көшбасшыларының (псевдошейхтер) уағыз-насихатын көптеп кездестіресіз. Алла Тағаланың Құрандағы аяттарын бұрмалағанды да, Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерін ойдан құрастырғанды да осы заманауи технологияның өрмегінен табуға болады.

Ресми деректерге сүйенсек, бір ғана ғаламтормен экстремизм мен терроризмді насихаттап, діни алауыздық тудырғаны үшін деген айыппен 2014 жылда Павлодар қаласында 5 адам, Ақтөбе облысында WhatsApp желісі арқылы – 8 адам (үлкені-38, кішісі – 21 жаста), Астана қаласы – 1 сотталған болса, 2015 жыл бойына Қазақстан батыс аумағынан 3 адам түрмеге қамалды.

Қазақ халқының исламға дейінгі кезеңіндегі этикалық ұғымдарын исламның этикалық ұғымдарымен салыстыру арқылы олардың ұқсастығын анықтауға болады. Мәселен, солардың қатарындағы әділеттілік, ықылас, әдептілік, сенімділік, үнемшілдік, сыпайылық, ынсап, жылы жүзді болу, салмақтылық, кішіпейілділік, төзімділік және басқа көптеген этикалық ұғымдар қазақ мәдениетінде синкреттелген нақты ислам құндылықтары болып табылады.

Қазіргі қоғамымызда мұсылман қауымы арасында жік-жікке бөліну, мешіттегі жамағат түрлі бір отбасында екі ағайын бірін-бірі көзір, пасық санап, алауыз болу факторлары бой алуда. Олар тақфиршілдік, хизбуттишылық, құраншылық, уахабшылық сияқты т.б. неше түрлі ағымдарға жіктеліп, қазақ даласын мекендеген мұсылмандардың ұстанып келген сара жолы – дәстүрлі исламды – Ханафи мазхабын мойындамай, исламның көрінісіне кір келтіріп, белгілі фобиялар тудыруда. Оның соңы экстремистік, ақыры аяғында террористік әрекеттерге алып келуде.

Экстремистер мен террористер бір күн-

де пайда бола қалмайтыны белгілі. Олар құрылымдық жасқалту, қалыптасу және т.б. сияқты бірнеше кезеңдерден өтеді. Сондықтан «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей діни экстремизмнің жастар арасында таралуының алдын алу үшін экстремизмге алып баратын алғышарттар мен себептермен күресу қажет деп білеміз:

- Қазақтың салт-дәстүрлерін мойындамауға шақыру. Исламмен біте қайнаскан салт-санамызды ширк (Аллаға серік қосу), бидғат (дінге жаңалық енгізу) деген тәрізді желеумен, тіптен діннен шығарып жіберуден тайынбаған;
- Ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген исламы, яғни Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабы дұрыс емес деген ұранды тарату. Оның тағылымы мен көрінісін өзгерту, дұрыстығына күмән тудыру;
- Парыз бен уәжіптен бөлек шаригаттағы сүннет, мұстахаб, мұбах сияқты құқықтық категорияларға қарсы шығу. Мысалы, ата-бабаға құран бағыштау, қайтыс болған адамның жетісін, қырын, жылын өткізуге, бата оқылып тілек айтылғанда алақанды жаюға тыйым салу;
- Мешіттегі жамағаттың ішінде кереғар үгіт жүргізу. Мысалы, мешіт имамын білімсіздікпен сынау, намаз үстінде қолды көкірекке ұстау, талтайып тұру, имамға бойсұнбау және т.б. сияқты сөз және іс-қимыл арқылы мешіт пен имамдардың беделіне нұқсан келтіру;
- Құран мен сүннетті ғана ұстану керек деген ұранды тарату. Исламның осы екі қайнар көзін түсіндіруде буквализм (сөзбе-сөз), антропоморфизм (Алланы адамға ұқсату), антропонатизм (Аллаға физикалық дене бекіту) сияқты ислам негіздеріне қайшы жолдарға жүгіну. Құран мен сүннет түгiлi таяқты «әлиф» деп танымайтын қарапайым жастарға болмысы бұлыңғыр, мазмұны маргиналды жол мензеу.

Аталған алғышарттардың барлығын ғаламтор беттеріндегі сайттар мен әлеуметтік желілердегі жекелеген парақшалар мен топтарда (сообщество, группа) көптеп кездесетін уағыз-насихаттардан кездестіріп жүрміз.

Ең қауіптісі, деструктивті діни ағымдар жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жастарды экстремизмге біртіндеп алып барады. Олар жастар арасында өзі ұстанған жолдағылардан басқа мұсылмандармен, туған-туыстарымен, тіпті, әке-шешесімен араласпауға, қарым-қатынастарын үзуге дейін алып бару тәсілін де қолданады. Нәтижесінде әке-шешесінен, туған-туысынан, достарынан қол үзіп қалған жастар оңай басқарылып, экстремистік, ланкестік мақсатта қолданылатын дайын тірі өнімге, құралға айналады.

Қорыта айтқанда, «жаһанданудамыз» деп жар салғаннан салт-дәстүрімізді ұмыттыруға тырысқан топтардың ғаламтордағы әрекетіне өз ақылмен, тұрмыс-тіршілігінде көз көрген тұрпымен жауап қайтара алуы үшін ата-аналар дуалы ауыз сөзі, ата-әжелерден тәрбиеге толы өсиеті, жастардың үлкенге құрметі, білімге құштарлығы, жалпақ тілмен айтқанда, еліне деген сүйіспеншілігі қажет-ақ.

Самат ПАМБЕТОВ,

Қызылорда облыстық ішкі саясат

басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу

орталығы» КММ-нің маманы.

ТҮЗЕТІЛІП ОҚЫЛСЫН

2016 жылғы 24 мамырда №76 (19162) «Сыр бойы» газетінде жарияланған Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттарының өз округтері бойынша сайлаушыларды қабылдау кестесі төмендегідей жаңа редакцияда оқылсын:

№	Қабылдайтын тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.	Қабылдау күндері	Қабылдау сағаты	Қабылдау орны
Арал ауданы				
2	Бедер Кәдірберген Бедерұлы	17 мамыр	10:00-12:00	Сексеуіл кенті (ауылдық мәдениет үйі)
		03 маусым	10:00-12:00	Жақсықылыш кенті (ауылдық клуб)
		20 қазан	10:00-12:00	Арал қаласы (№262 мектеп гимназия)
Жанақорған ауданы				
19	Әмітов Нұридин Егенбердіұлы	әр айдың 2-і жұма күні	15:00-17:00	Жанақорған аудандық «Нұр Отан» партиясы
Қызылорда қаласы				
27	№21 «Мұратбаев» с/о Махашев Бақдаулет Еркінбекұлы	әр айдың соңғы сенбісі	16:00-18:00	№ 140 орта мектеп
			16:00-18:00	№ 12 орта мектеп
			17:00-19:00	№ 233 орта мектеп
			17:00-19:00	№ 187 орта мектеп
			16:00-18:00	№ 2 Мұрагер орта мектебі
			16:00-18:00 16:00-18:00	Ұлағат колледжі Балабақша «Сыр бөбегі»

Для абонентов **ОТАУ TV** абоненттері үшін

1 қыркүйекке дейін «ОТАУ TV» жерсеріктік антеннаны және қабылдағышты отандық «KazSat-3» жерсерігіне қайта күйге келтіріп, кепілдендірілген сыйлық алыңыз!

До 1 сентября успеите перенастроить спутниковую антенну и приемник «ОТАУ TV» на отечественный спутник «KazSat-3» и получить гарантированный подарок!

Толғыырақ еңіріңіздері Saty орталығынан, еңіріңіздің дилерінен немесе мына телефондар арқылы біле аласыз: Подробности в региональном Центре продаж, у дилера в Вашем регионе или по телефонам:

193, 8 (727) 2581 500 7193

abonent@otautv.kz, www.otautv.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

8 маусым күні сағат 11.00-де Мемлекеттік қызмет істері министрі Т.Дон-қовтың халық алдында есеп беру кездесуі өтеді.

Министрге сұрақтарды кездесу барысында, Мини-стрлік сайты арқылы, сонымен қатар желел желісі (тел: 8(7172) 75-34-54, 75-34-56) арқылы қоюға болады. Желел желісі арқылы дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9:00 – 18.30-ға дейін хабарласуға болады.

Өткізу орны: Астана к., Д.Қонаев көш. 4, «Қазмедиа орталығы» ғимараты, киноконцерттік залы.

Аймақтардың тұрғындары үшін сұрақты онлайн қою мүмкіндігі бар бейне-конференц байланыс қамтамасыз етеді.

Іздеу салады

Қызылорда қалалық соты 1971 жылдың 21 шілдесінде Қызылорда қаласында туылған Жақсыбаев Ануарбек Маликовичті хабар-шарсыз кетуіне байланысты 2016 жылдың 05 мамырында азаматтық істің қозғалғанын хабарлайды. Көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласуға болады: 8 701 777 41 68, 8 777 681 49 07.

ҚҰРМЕТ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Ұлт тарихында орын алған қасіретке толы ауыр кезең 1937-1938 жылдары өзінің шырқау шегіне жетті. Сталиндік репрессия құрбанына айналып, жазықсыз жалаға іліккен зиялыларымыз, қазақ елі өз азаттығына қол жеткізер тұста ғана ақтала бастады. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев секілді ардақтыларымыз ортамызға оралды. Ұлт тағдырындағы қаралы беттер ашылды.

Олар қандай рухты, өрлі, патриот болған десеніші. Осылай елі үшін еңіреп өткен ерлерге қандай құрмет, тағзым, алғыс білдіресек те аздық етеді.

1997 жылы Елбасы Жарлығымен 31 мамыр – Жалпы репрессия құрбандарын еске алу күні деп белгіленді. Зобалаң жылдар зардабын тартқан қайраткерлеріміз есімдері ЖОО-ға, мектеп пен көшелерге беріліп, ескерткіштер орнатылды. Бұл, әрине, жақсы, алайда, біздер үшін жанын берген оларды еске алу күні жоғары деңгейде аталып жүр ме? Осы тұста күмілжіп қалатынымыз жасырын емес. Шағын кештер ұйымдастырумен ғана шектеліп қалмай, шығармаларын насихаттауды жандандырамыз жөн. Абай оқуы секілді М.Дулатов оқуы, М.Жұмабаев оқуы, Б.Майлин оқуларын ұйымдастырып, жас буынның жігерін жанысқа, нұр үстіне нұр болар еді.

Гүлмарал ӘПЕТОВА,
КМУ-дың студенті.

2016 жылдың 27 мамырдағы мүлікті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	508	1
Шиеді ауданы	220	2
Қазалы ауданы	208	3
Жанақорған ауданы	153	4
Қармақшы ауданы	142	5
Жалағаш ауданы	132	6
Арал ауданы	56	7
Сырдария ауданы	29	8

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 23.05.2016 жылғы ұйғарымымен Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Уалиханов көшесі 2 А үй мекен-жайында орналасқан «Фрак Джет» ЖШС-на қатысты (БИН 050440001239) оналту рәсімін енгізу туралы азаматтық іс қозғалды. Қозғалған азаматтық іс бойынша талап-арыздар мен пікірлер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Шайланова Қадиянаның атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Ауззов көшесі №11 үйге берілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісінің (қаластырық №10-153-001-152, №0005112 21.12.1997 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жұмамуратова (қазіргі Төребай) Даригүл Бегімбаевнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №104 орта мектепті 1998 жылы бітіргені жөнінде берілген МОБ №0093554 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облыстық радиотелехабар тарату дирекциясы ұжымы осы мекеме қызметтері Байтоқов Мырзбек Пірімбетұлына анасы **Зина Байтоқасованың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛҒЕР ЖӨНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:

- Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
- Қайғы-қасіретке ұшырау;
- Маскүнемдік (суретке қарап та өмдейді);
- Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;

- Жұбайлардың кетіп қалуы;
- Белсіздік, баласыздық;
- Жалғыздық, некесіз тұру;
- Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
- Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
- Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп өдік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінін бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуіміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға

басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен өдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдірім келеді.

Диана.

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиганда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыпта-сып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқан-нан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуіміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқы-ныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын



Ассоциация народных целителей Казахстана (Сертификация №001-10-01-003-01)

Фатима.

Анна Сіздерді мамырдың 26, 27, 28, 29, 30, 31 және маусымдың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілүлі тұрады, Болашақ аялдамасы).

● БАЙҚАУ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның бастамасымен елімізде көп ғасырлық қазақ ұлттық дәстүрлерін сақтап қалу мен тарату, сонымен бірге әйелдерді халықаралық “ЭКСПО-2017” көрмесіне дайындау мақсатында республикалық конкурсы ұйымдастырылғаны белгілі. Осы мақсатта Сыр бойында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бастамасымен аптаның сәрсенбі күні А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Конкурстың облыстық кезеңінде қазақ ұлттық асханасының ғасырлар қойнауында ұмыт қалған тағамдарының қазіргі заман талабына сай жаңғыртылған түрлері мен “Нео-фольклор” киім дизайнерлерінің туындылары қойылып, көрсетілді.

Мәдениет үйінің фойесіне орналасқан көрмедегі ұлттық тағамдар сан алуандығымен көз тартады. Сүт, ет және ұн өнімдерінің өзінен ғана жасалған сан түрлі тағам сапалылығы, дәмділігі және көрінектілігімен көз тартады. Мәселен, қаладағы “Қыз Жібек” мейрамханасының аспазы Жұмабай Жұбанұлы он жетінші ғасырдың ағашынан жасалған астауға салынған күйеу сыбағасы “Төсерімімен” көрерменін таңдандырса, жанакорғандық мұғалім Балташ Сексенбаева бір ғана сүттен сан алуан өнім дайындауымен көзге түсті. Ал аралдық кәсіпкерлер балықтан дайындалған түрлі өнімдерді ұсына тұрып,

ата-бабамыздың тіпті сүзбенің сары суының өзінен-ақ тәтті дәм дайындағанын паш етті.

Конкурсты қысқаша сөз сөйлеп ашқан облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов оның мақсаты жайында түсіндіре келіп, бүгінгі жарыс жеңімпаздарының алдағы 16 маусымда Тараз қаласында өтетін республикалық сайысқа жолдама алатынын, сөйтіп Сыр елінің намысын қорғайтынын айтып өтті.

Мұнан кейін жиналғандарға әр ауданнан келген дизайнерлердің киім үлгілері ұсы-

нылды. Ұлттық нақыша толы сәнді де жарасымды киім үлгілері көпшілік көңілінен шықты. Олардың арасында мектеп формасына лайықты киім үлгілері, жылдың әр маусымына лайықталған киімдер, жастардың сәнді киім үлгілері, сахна киімдері көрерменнің ыстық ықыласын тудырды. Төрт түлік малдың жүнінен тоқылып, сырылған және балдырғандарға арналып тігілген киімдердің өзі бір төбе.



Әділқазылар алқасының шешімімен ұлттық тағам дайындауда “Қыз Жібек” мейрамханасы жүделі бірінші орынға көтерілсе, Жалағаш ауданындағы “Балдырған” балабақшасы мен Қазалы ауданындағы “Наурыз” мейрамханасы екінші, үшінші орынды иеленді. Ал ұмыт болуға айналған ұлттық киімдерді қайта жаңғыртқан дизайнерлер арасында КМУ-дың дизайнері Ләззат Шілдебаева бірінші, жалағаштық Гүлзада Досмағанбетова екінші, жалағаштық Айгүл Қанатбаева үшінші орынға көтерілді. Жүлдегерлер облыс әкімінің дипломы мен бағалы сыйлықтарына ие болса, барлық қатысушылар облыстық мәслихаттың алғыс хатын иеленді.

Көп көңілінен шыққан іс-шара аймақ өнерпаздарының әсем әнімен айшықталды.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ (сурет).

ЖАРТЫ ҒАСЫР ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

Сәрсенбі күні Қазалы ауданында 721 түлек үшін соңғы қоңырау соғылды. Әйтеке би кентіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектептегі салтанатты шараға аудан әкімі Нажмадин Шамұратов қатысып, мектеп бітірушілерге ақ жол тіледі. «Соңғы қоңырау салтанаты қуаныш пен қимастық сыйлайды. Бүгінгі күні сіздердің еңбектеріңіз өмір бойы білім алуден өлшенеді. Мектеп пен жоғары оқу орындарында алатын білім арқылы сіздер еліміздің үлгілі азаматы болады деп сенемін. Себебі, қандай мамандықтың иесі болсаңыздар да, бастысы – өз елінің азаматы болу екенін ұмытпаныңыздар», – деген аудан басшысы білім ордасының 50 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Мектеп табалдырығын аттаған балалар аға-әпкелеріне ақ жол тіледі. Бітіруші түлектер бірінші сыныпқа баратын балаларға «білімнің кілтің» табыс етті. Шара соңында түлектер вальс ырғағына ілесіп, соңғы мектеп биін биледі. Осы күні осыдан 40 жыл бұрын мектеп бітіруші сыныптастар аттын ұя – мектептерінде қуанышпен кездесті.

Ауданда бүгін жана өмірге жолдама алған 721 түлектің 492-сі Ұлттық бірінғай тестілеуде бағын сынамақ. 37 түлек – «Алтын белгіге», 9-ы «Ұздік аттестатқа» үміткер.

Айта кетейік, биыл №266 және №249 мектеп-лицейлер, №95, №100, №216 мектептерге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен 97 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұған қоса, Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы жыл бойына жұмыс жасау үшін жылу қазандығы арқылы жылытылатын 160 орындық жатақхана мен оқу ғимаратын салу үшін бюджеттен 92 млн



теңге бөлінетін болады. Сондай-ақ, аудан орталығындағы төрт мектептің жанынан жылыжай ашу үшін 14 млн теңге бөлініп, қазіргі уақытта жұмыс жасауда. №170, №204 мектептер мен №266, №249 мектеп-лицей оқушылары жылыжайда гүлдің түр-түрін өсіруде. Негізгі мақсат оқушыларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, кәсіби бағдар бере отырып, белгілі бір мамандыққа баулу.

Соңғы қоңырау салтанаты ауданның барлық мектептерінде өтті.

Ж.ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Қылмыстық заңнама аясындағы жаңа өзгерістерге сәйкес қылмыстық-атқару инспекциясы биылғы жылдың басында пробация қызметі болып көрсетілді. Осы пробация қызметінің атқару функциясына баламалы шаралар енгізілді: белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығына тыйым салу, қоғамдық жұмыстар және түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеу, шартты түрде сынақ мерзімге сотталғандарды қалағалау, жаза өтеуді кейінге қалдыру, мемлекеттік наградаларды алып қою жазасын атқару жатады.

Пробация қызметінің негізгі міндеті сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылап, әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетеді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару органдары жергілікті атқарушы органдармен тығыз ықпымдастықта жұмыс атқарады. Яғни сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жан-жақты жүргізіледі. Атап айтқанда, барлық аудан әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, халықты жұмыспен қамту бағдарламалар бөлімі, денсаулық сақтау бөлімі және аудан әкімдігі сотталғандарды жұмысқа орналастыруға, тұрмыстық жағдайларына көмек көрсетуге тікелей атсалысады.

Сонымен бірге Қызылорда қалалық пробация қызметі түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімімен бұрын босап шыққан сотталғандарға пробация қызметімен әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетілді. Жаңа заңға сәйкес сотталғандармен пробациялық бақылауды жүзеге асыруды Пробация қызметі қалағалайды.

Ж.ІСМАИЛОВА,
Қызылорда қалалық пробация қызметінің инспекторы.

САРЫАҒАШ санаторийі

«АЙША БИБІ» ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ

Сіздерді 26 түрлі ем қабылдап, денсаулықтарыңызды сауықтыруға шақырады. Бағасы тиімді.

Байланыс тел.: 8 701 555 71 55, 8 701 795 93 99.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДЖОДЖО МОЙЕСТІ ОҚЫП, ҚАЙРАТ НҮРТАСТЫ ТЫҢДАП, ОТАНДЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰНАТАДЫ

«Кселл» АҚ activ music, activ TV және activ ұсынатын Bookmate (ОТТ-сервистер) атты жаңа сервистер жұмысының алғашқы нәтижесін шығарды. 2016 жылдың ақпан айының басында көпшілікке таныстырылған жаңа ойын-сауық қосымшалары Kcell және activ абоненттеріне кез келген жерде және кез келген уақытта сүйікті әндерін тыңдап, кітап оқып, телеарна қарауға мүмкіндік береді.

БАҚ өкілдерімен өткен кездесу барысында «Кселл» АҚ бас атқарушы директоры Арти Отс атап өткендей, ОТТ-сервистер іске қосылғаннан бергі үш ай ішінде қосымшаларға жазылғандардың қатары елу мың адамға жуық көрсеткішті көрсеткен. «Жаңа сервистердің абоненттер тарапынан үлкен сұранысқа ие болғанын көріп отырмыз, оған таныстырылымнан бергі уақыт ішінде көптеген адамның жазылуы атанғаны дәлел. Қосымшаларымыздың қолданушылар өміріне сән қосып, уақытты көңілді өткізуде көмекке келе алатынына сенімдімін, себебі activ ұсынатын ойын-сауық енді сіздің жаныңызда», - деп атап өтті «Кселл» АҚ бас атқарушы директоры Арти Отс.

Жаңа сервистер арасында activ ұсынатын Bookmate ең танымал қосымша болып отыр: ақпан айынан бері 25 мың адам бұл қызметтің жазылушысы атанған. 18 мың адам activ music-ке жазылса, 6 000 қолданушы activ TV сервисінің көрермені болу туралы шешім қабылдаған.

Қазақстандық әншілер арасындағы activ music сервисінің ең көп тыңдалған трегі Қайрат Нұртастың «Байқа» әні болды. Ал Александр Воробьевтің «Сумасшедшая» атты әні ресейлік орындаушылар арасында ең жиі тыңдалған ән ретінде танылды. Шетелдік әндер ішінде Drake ұсынатын «Hotline Bling» трегі ең көп тыңдалған екен. Сервисің ең танымал плейстерінің рейтингін activ TOP 30» бастады.

*Over the Top –мультимедиялық қызметтерді Интернет арқылы ұсыну әдісі

КЕРУЕН ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Бейсенбі күні “Қызылорда политехникалық колледжі” коммуналдық қазыналық кәсіпорнында аймақтық техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары үгіт-насихат бригадаларының қатысуымен “Талапқа талғам таразы” атты кәсіби бағдар беру іс-шарасы болып өтті.

Бұл бағыттағы оқу орындарының басты мақсаты – оқушыларды кәсіп пен мамандық жөнінде хабардар ету және оларды кәсіби білікті маман етіп шығару. Яғни, өз талапкеріңмен маңызды таңдауда қателеспейуі үлкен рөл атқаратыны, өз жүрек қалауын дөп басқан жастың болашақта өзі қалаған мамандығының нағыз иесі болатыны анық. Соңғы үш жыл көлемінде орта мектептерде үлкен өмірге қадам басқан жастардың мамандық таңдауда қателеспеуі үшін кәсіби бағдар беру керуені ұйымдастырылып келеді. Кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарының үгіт-насихат бригадаларынан жасақталған биылғы керуен 26 мамыр күні жолға шықты. Оның негізгі мақсаты – колледж оқушыларына болашақ кәсібі мен мамандығы жөнінде нақты мағлұматтар беру.

“Талапқа талғам таразы-2016” кәсіби бағдар беру керуеніне қатысушыларға облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сәйлібаев сәттілік тілеп, жүйелі ұйымдастырылған бұл іс-шараның жас талапкердің өзі қалаған мамандығының қыр-сырына терең бойлауына мүмкіндік жасайтынын атап өтті. Кәсіби-бағдар керуенінің сарбаздарына үлкен міндет жүктелетіні де жасырын емес.

Г.РЕЙМБЕРГЕН.

Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнамалық - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жанкорған: Нұрмжан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет: сәйсебі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрірі Ақпарат және мәдениет комитетіне тапсырылған

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
IP: ST ISO 9001:2009
“Сара мөнараженті жүйесі”
талпаптарына сәйкес сертифицирталған.

Ақпараттық технологиялар бойынша тілшенді, қолжазба өңдеу және қайтарғылаушы. Жарнамалар газеттің түпнұсқа нұсқасында бірдей. “Ақ” таңбасы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қолданылған “Сыр медиа” ЖШС-ға баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таратылымына “Қаулашты” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 25367
Тапсырыс № 598

Электронды оқылм – 28000.